874

875

876

877

878

879

880

881

882

883

884

885

886

887

888

889

890

891

892

893

894

895

896

897

898

899

900

901

902

903

904

905

906

907

908

909

910

911

912

913

914

915

916

917

918

919

920

921

922

923

924

925

926

927

928

929

930

931

932

933

934

935

936

937

938

939

940

941

942

943

944

945

946

947

948

949

950

951

952

953

954

955

956

957

958

959

960

961

962

963

964

965

966

967

968

969

970

971

972

973

974

975

976

977

978

979

980

981

982

983

984

985

986

987

988

989

990

991

992

993

994

995

996

997

998

999

1000

Қауіпсіздік техникасы бойынша маңызды нұсқаулықтар

Дұрыс пайдаланбаудан туындаған электр тогы соғуы немесе өрт нәтижесінде кездейсоқ жарақаттанудың алдын алу үшін қолданар алдында осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны тиісті түрде сақтаңыз.

Бұл құрылғы тек үйде пайдалануға арналған және ол далада, коммерциялық немесе өндірістік жағдайларда қолданылмауы керек.

- Егер физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері төмен немесе өмірлік тәжірибесі не білімі жоқ тұлғалар (балаларды қосқанда) өздерінің қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаның қарауында болмаса және ол қауіпсіз әрі дұрыс пайдалану туралы нұсқау бермесе, бұл құрылғы олардың пайдалануына арналмаған.
- Балалардың құрылғыны басқаруына немесе оны ойыншық ретінде пайдалануына рұқсат етілмейді. Сондай-ақ құрылғыны пайдаланған кезде егер жанында балалар, үй жануарлары немесе өсімдіктер болса, абай болу керек.
- Балалардың құрылғыны қараусыз күйде тазалауына немесе оған қызмет көрсетуіне тыйым салынады.
- Құрылғыны қаптау үшін қолданылатын пластик үлдір тұншығу қаупін тудыруы мүмкін, сондықтан оны балалардан аулақ жерде сақтаған жөн.
- Электр тогы соғуының алдын алу үшін розеткаға, қуат көзі адаптеріне немесе экранға дымқыл қолмен жанаспаңыз.
- Құрылғының желдеткіш саңылаулары мен қозғалатын бөліктерін шаштан, бос киімнен, саусақтардан және дененің басқа бөліктерінен алыс ұстаңыз. Сорғыш саңылауды, ұзартқыш штанганы немесе негізгі блоктың басқа аксессуарларын көзге, құлаққа немесе ауызға бағыттамаңыз.
- Электр тогының зақымдауын болдырмау үшін құрылғының саңылауына металл үгінділер, түйреуіштер, темір сымдар және басқа заттар қоймаңыз.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, қуат көзін өшіріңіз және тоқтың жылыстауынан туындайтын өрттің алдын алу үшін қуаттау док-станциясын ажыратыңыз.
- Құрылғыны пайдаланған кезде тоқтың жылыстауы, қозғалтқыштың тым жоғары температурасы немесе қалыптан тыс шу байқалған жағдайда, корпустың қызып кетуі немесе құрылғыны пайдаланған кезде белгілі бір иіс пайда болса, құрылғыны пайдалануды дереу тоқтатып, сатудан кейін қызмет көрсететін мамандардың көмегіне жүгініңіз.
- Бұл құрылғыны пайдаланғаннан кейін сору күшінің төмендеуінің және бітелу салдарынан қозғалтқыштың қызуының алдын алу үшін желдеткіш арнасы бітелмеуі үшін кір суға арналған бакты мерзімінде тазартып отырыңыз, бұл құрылғының қызмет ету мерзіміне әсер етеді.
- Пайдаланғаннан кейін құрылғыны құрғақ жерде сақтаңыз. Ылғал орта құрылғының оқшаулануы мен қызмет ету мерзіміне әсер етеді.
- Бұл құрылғының негізгі блогы, еденге арналған қылшағы және қуаттау док-станциясы қосулы болуы мүмкін. Құрылғының сынуына жол бермеу үшін оларды сұйықтыққа салмаңыз.
- Құрылғының қызып кетуінің алдын алу үшін ауа кіретін және шығатын саңылауларды жаппаңыз. Егер сору саңылауы бітеліп қалса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Шаңды, мақтаны, шашты және басқа заттарды уақытылы алып тастаңыз, себебі бұл сору қуатының төмендеуіне себеп болуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны орнатылған компоненттерсіз пайдаланбаңыз және құрылғымен ол қуат көзі кабеліне қосылғанда жұмыс істемейді.
- Өрттің немесе жарылыстың алдын алу үшін бұл құрылғыны өртеменіз. Құрылғыны кедеге жаратпас бұрын аккумуляторын алып тастаңыз.

Қуаттағыш

- Бұл құрылғыны ғимараттан тыс жерде қуаттамаңыз. Бұл құрылғыны тек қуаттау док-станциясымен және құрылғы жиынтығына кіретін қуат көзі адаптерімен пайдалануға болады. Қуаттау док-станциясының басқа түрлерін пайдалану аккумулятордың зақымдалуына немесе төтенше салдарға әкелуі мүмкін.
- Қуаттау жөніндегі нұсқаулықты қолданыңыз. Құрылғыны нұсқаулықта көрсетілген диапазоннан тыс температурада қуаттамаңыз. Қате қуаттау немесе көрсетілген диапазоннан жоғары қуаттау аккумулятордың зақымдануына әкелуі және өрт қаупін арттыруы мүмкін.
- Зақымдалған қуат көзі кабельдері өндірушіден немесе техникалық қызмет көрсету бөлімінен сатып алынған арнайы кабельдерге немесе арнайы компоненттерге ауыстырылуы керек.
- Қуат көзі кабелін розеткадан ажыратқан кезде кабельді ашадан ұстаңыз.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, қуат көзін сөндіріп, қуаттау док-станциясын розеткадан ажыратыңыз.

Құрылғыны қолдану аясы

- Бұл құрылғыны 5-40 °C температурада қуаттаңыз және пайдаланыңыз.
- Бұл құрылғы балауыз жағылған едендерді, тас едендерді, резеңке едендерді, мәрмәр едендерді, гранит едендерді, бетон-мозаикалық едендерді, қатты ағаштан жасалған едендерді, композиттік едендерді, бамбук едендерді қоса алғанда қатты жабынды едендерде және айна плиткаларды, керамикалық плиткаларды қоса алғанда, әртүрлі плитка түрлерінде және басқа тегіс беттерде пайдалануға арналған. Егер бұл құрылғы тегіс емес жерде қолданылса, пайдаланудың оңтайлы әсері бұзылуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны тез тұтанатын, улы, зиянды және жоғары ұшпа сұйықтықтарды және жанармай, керосин, бояу, иіссу, хлорлы ағартқыш, аммиак суы және дренажды құбырларды тазалауға арналған құрал сияқты басқа қауіпті химиялық сұйықтықтарды кетіру үшін пайдаланбаңыз, сондай-ақ бұл құрылғыны тез тұтанатын немесе жанғыш сұйықтықтар болуы мүмкін жерлерде пайдаланбаңыз. Әйтпесе, құрылғы қысқа тұйықталуы немесе жарылуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны температурасы жоғары заттарды (сөнбеген темекі тұқылы, қож немесе ыстық күл және т. б.), өте ұсақ заттарды (өк, цемент, ағаш шаңы, гипс ұнтағы, күл, көмір ұнтағы және т. б.), қауіпті сұйықтықтарды (еріткіштер, қақ жоюға арналған құралдар және т. б.), химиялық заттарды (қышқыл заттар, жуғыш заттар және т.б.), сондай-ақ физикалық сипаттамалары белгісіз басқа заттарды жинау үшін пайдаланбаңыз, себебі олар өрт шығуына немесе жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Бұл құрылғыны күйе, темекі тұқылы немесе сіріңке сияқты түтіндеп немесе жанып тұрған заттарды жинау үшін пайдаланбаңыз. Құрылғыны лазерлік принтерлер мен көшіргіш аппараттарда қолданылатын тонер және сол сияқтыларды жинау үшін пайдаланбаңыз, себебі мұндай заттар өрт шығуына немесе жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Бұл құрылғыны зақымдаудың алдын алу үшін шыны сынықтары, ұсақ ойыншықтар, түйреуіштер, қағаз қыстырғыштар, тастар, сылақ, бұрандалар мен монеталар сияқты өткір немесе қатты заттарды жинау үшін пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғыны зақымдаудың алдын алу үшін консистентті майлағыш дақтарын, тұтқырлығы жоғары заттарды немесе аяқкиімге арналған лак, бояулар мен пигменттер сияқты күшті бояғыш заттарды кетіру үшін пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғыны қозғалтқышқа зақым келтірмеу үшін көбікті сұйықтықтарды кетіру үшін пайдаланбаңыз.

Жуғыш құрал

- Компания мақұлдаған Компания өндірген жуғыш құралды пайдаланыңыз және жуғыш құралды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Жуғыш құралды пайдалану нұсқаулығына сәйкес пайдаланыңыз. Егер жуғыш құралдың көп мөлшері қосылса, бұл пайдалану кезінде көбіктің қозғалтқышқа шамадан тыс енуі салдарынан қауіп туындауына әкелуі мүмкін.
- Жуғыш құрал кездейсоқ көзге түсіп кетсе, көзді дереу таза сумен шайыңыз. Кездейсоқ жұтып қойған жағдайда, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.
- Ағынды сулармен және тазалағыш ерітінділермен жұмыс істегенде, қоршаған ортаны қорғау бойынша жергілікті ережелерді сақтаңыз.

Құрылғы

- Құрылғыны тек осы нұсқаулықта жазылған нұсқауларға сәйкес пайдаланыңыз. Тек Haier ұсынған аксессуарларды пайдаланыңыз.
- Пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жағдайларды қоспағанда, бұл құрылғыны өзгертпеңіз және жөндемеңіз. Құрылғыға тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалана отырып, білікті персонал ғана қызмет көрсетуге тиіс.
- Дұрыс номиналды кернеу зауыттық тақтайшада көрсетілген. Егер қолданылатын қуат көзі адаптері берілген құрылғыға сәйкес келмесе, бұл құрылғының зақымдануына немесе тіпті жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Баспалдақтар маңын тазалаған кезде құлау қаупінің алдын алуға көп көңіл бөлу керек.
- Бұл құрылғыны шайқамаңыз немесе соққы жүктемелеріне ұшыратпаңыз. Лас судың қозғалтқышқа түсуінің алдын алу үшін құрылғыны тасымалдаған кезде тік күйде ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны көтеру немесе жылжыту алдында құрылғының қуат көзі өшкеніне көз жеткізіңіз. Егер осы құрылғыны тасымалдаған кезде саусақтарыңыз ажыратқыштың жанында болса немесе ажыратқыш қосулы күйде қалса, жазатайым оқиға болуы мүмкін. Сүріну қаупінің алдын алу үшін жұмыс аяқталған соң құрылғыны қабырғаға қою керек.
- Тазалағанда және техникалық қызмет көрсеткенде штекерді ажыратып, негізгі блокты өшіріңіз және айналмалы қылшақтан туындайтын жарақаттың алдын алу үшін айналмалы қылшақты алыңыз. Егер айналмалы қылшақ, таза суға арналған бак, кір суға арналған бак және сүзгіш элемент тиісті түрде орнатылмаса, бұл құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Егер құлау, ғимараттан тыс пайдалану немесе су тиюіне байланысты құрылғы қалыпты жұмыс істей алмаса, оны пайдалануды жалғастырмаңыз немесе жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу үшін сатудан кейін қызмет көрсету бөліміне хабарласуға кеңес беріледі.



Аккумулятор

- Батарея блогының шығыс клеммасын тұйықтамаңыз.
- Қуаттамаңыз, бөлшектемеңіз, қыздырмаңыз (60 °C-тан жоғары) және пайдаланылған аккумуляторды жақпаңыз.
- Бұл құрылғыны жалынның немесе жоғары температураның әсеріне ұшыратпаңыз, өйткені жалынның немесе 130 °C-тан жоғары температураның әсер етуі жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Зақымдалған немесе түрленген аккумуляторларды пайдаланбаңыз. Зақымдалған немесе түрленген аккумуляторларды пайдалану күтпеген салдарға, өртке, жарылысқа немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.

- Шамадан тыс күш жұмсалған жағдайда, аккумулятордан тітіркену немесе күйік тудыруы мүмкін сұйықтық бөлінуі мүмкін. Бөлінген сұйықтыққа жанасудан аулақ болыңыз. Кездейсоқ жанасқан жағдайда, зақымдалған жерлерді сумен шайыңыз. Сұйықтық көзге тиген жағдайда дереу медициналық көмекке жүгінізіз.
- Аккумуляторды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Аккумуляторды өз қалауыңыз бойынша жоймай, қайта өңдеумен айналысатын кәсіби ұйымға өткізіңіз. Аккумуляторды ауызға салмаңыз. Кездейсоқ жұтып қойған жағдайда, тез арада медициналық көмекке жүгінізіз.
- Бұл құрылғының аккумуляторын тек білікті техникалық маман немесе сатудан кейін қызмет көрсететін персонал ғана ауыстыра алады.


Бөлшектердің орналасу схемасы

а. Қуаттау док-станциясы




1. Қуаттағышқа арналған өткізгіш контакт
2. Қуаттауға арналған жалғағыш
3. Ауа тартқыш
4. Ауа шығаратын саңылау

б. Тік шаңсорғыш



- | | | |
|---|---|---|
| 1. Тұтқа | 10. Қуат көзін қосу батырмасы | 17. Кір суға арналған бакты ашу батырмасы |
| 2. Дыбысты өшіру батырмасы | 11. Тұтқаны ажырату батырмасы | 18. Кір суға арналған бактың тұтқасы |
| 3. Таза суға арналған бакты ашу батырмасы | 12. Портативті шаңсорғышты ажыратуға арналған батырма | 19. Кір суға арналған бак қақпағын босату батырмасы |
| 4. Таза суға арналған бактың тұтқасы | 13. Дисплей экраны | 20. Айналымалы қылшақтың қақпағы |
| 5. Таза суға арналған бак | 14. Портативті шаңсорғыш | 21. Айналымалы қылшақтың қақпағы |
| 6. Айналымалы қылшақты ажырату батырмасы | 15. Портативті шаңсорғышты бекіту батырмасы | |
| 7. Айналымалы қылшақ | 16. Портативті шаңсорғышты қуат көзіне қосу батырмасы | |
| 8. Тазалау батырмасы | | |
| 9. Режим таңдау батырмасы | | |

Жиынтықтамасы



Корпусы



Тұтқа



Қосалқы сүзгіш
элемент



Сүзгі



Қондырмалар
қоймасы



Жалпақ
қондырма



Шаң жинағыш
жинақта



Сорғыш
қондырма
дивандарға
арналған



Тазалауға
арналған
қылшақ





Қуаттау док-
станциясы



Қуат көзі блогы


Тұтқасын орнату

- Тұтқаның ұшын корпусстың жоғарғы бөлігіндегі тесікке суретте көрсетілген бағытта салыңыз. Егер сырт еткен дыбыс естілсе, орнату аяқталды.
- Тұтқаны шешу үшін тұтқаны босату батырмасын басып тұрып, тұтқаны бір уақытта жоғары қарай тартыңыз.



Қуаттау жөніндегі нұсқаулықтар

- Қуаттау док-станциясын қабырғаға жақын көлденең жазықтыққа қойыңыз, док-станцияны қуат көзіне қосыңыз және қуат көзі блогын розеткаға салыңыз. Бірінші рет қолданған кезде құрылғыны толығымен қуаттаңыз.
- Қуаттау режиміне өту үшін құрылғыны қуаттау док-станциясына қойыңыз, сол кезде дисплей экранындағы индикатор жыпылықтай бастайды. Егер 100% көрсетілсе, бұл қуаттау аяқталғанын білдіреді.



Кеңестер:

- Құрылғы толық қуатталғаннан кейін 2 сағат ішінде жұмыс істемесе, ұйқы режиміне өтеді.
- Аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін ұзақ уақыт үздіксіз жұмыс істеген кезде құрылғы қуаттау алдында аккумуляторды автоматты түрде салқындатады.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар

Режим таңдау

Құрылғыны қосқан кезде үнсіз келісіммен интеллектуалдық тазалау режимі орнатылады. Батырманы ұстап тұрмай басқанда, тазалаудың интеллектуалдық режимі, интеллектуалдық сору режимі, стандарт тазалау режимі және қуатты тазалау режимі арасында ауысады.



Интеллектуалды
тазалау режимі

Тазалаудың интеллектуалдық режимі

Тазалау процесінде сору қуаты мен бүркілетін судың көлемі беттің ластану дәрежесіне байланысты автоматты түрде реттелетін болады.



Интеллектуалды
сору

Сорудың интеллектуалдық режимі

Тазалау кезінде сору қуаты беттің ластану дәрежесіне байланысты автоматты түрде реттеледі, бұл ретте суды бүрку жүзеге аспайды.



Стандарт тазалау

Стандарт тазалау режимі

Тазалау процесінде сорудың стандарт қуатымен және судың стандарт көлемін бүрку арқылы тазалау жүзеге асады.





Күшті тазалау

Күшті тазалау режимі

Тазалау процесінде күшті сору және судың көп көлемін бүрку арқылы тазалау жүреді.

Өртүрлі беттерді құрғақ және ылғалдап тазалауға арналған шаңсорғышты пайдалану


- **Таза суға арналған бакты толтыру:** таза суға арналған бакты ашу батырмасын басыңыз және таза суға арналған бакты алу үшін оны сыртқа қарай тартыңыз. Таза су багының жоғарғы қақпағын ашып, жеткілікті мөлшерде таза су құйыңыз. Содан кейін таза су бағын құрылғының корпусына қайта орнатыңыз. Егер сырт еткен дыбыс естілсе, орнату аяқталды.



Құрылғыны су құбырынан кермек су ағатын аймақтарда пайдаланған кезде құрылғының қызмет ету мерзімін ұзарту үшін сүзілген суды пайдалануға кеңес беріледі




Кеңестер:

- Егер терең тазалау қажет болса, өркез шамамен 10 мл жуғыш құралды таза су толы ыдысқа құйып, біркелкі пайдалану үшін аздап шайқауға кеңес беріледі.
- Тазалауды бастау: еденге арналған қылшақты сәл басып, корпусы еңкейтеіңіз. Тазалауды бастау үшін  батырмасын ұстап тұрмай басыңыз. Тазалау талаптарына байланысты  батырмасын қысқаша басу арқылы интеллектуалдық тазалау режимі — интеллектуалдық сору режимі — стандарт тазалау режимі — күшті тазалау режимі арасында ауысуға болады. Еденді тазалауды бастау үшін құрылғыны қосып, оны алға қарай итеріңіз.



Кеңестер:


- Құрылғыны көбікті сұйықтықты сору үшін пайдаланбаңыз.
- Корпус жұмыс жағдайында тік күйде болған кезде, құрылғы жұмысын тоқтатады.
- Құрылғы тек еден, мәрмәр және плитка сияқты қатты беттерді тазалауға арналған.
- Лас суға арналған бактан су төгілуінің алдын алу үшін корпусы 142°-тан артық еңкейтпеңіз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде қозғалтқышқа кір су түспеуі үшін оны көтермеңіз, жылжытпаңыз, көлденең баспаңыз және корпусы еңкейтпеңіз.
- **Кір суға арналған бакты алу:** кір суға арналған бакты ашу үшін батырманы басыңыз және оны алу үшін кір су бағын сыртқа қарай тартыңыз. Кір суға арналған ыдыстың қақпағын жоғары қарай тартып, кір суды төгіп тастаңыз. Кір суға арналған бакты жуғаннан кейін бакты қайта корпусқа салыңыз. Егер сырт еткен дыбыс естілсе, орнату аяқталды.



Бір рет басу арқылы тазалау

* Тазалау функциясын аккумулятор 20%-дан артық қуатталған жағдайда ғана пайдалануға болады.

1. Тазалағаннан кейін мотор бөлігін базаға қайтарыңыз және таза суға арналған бакта жеткілікті су бар екеніне көз жеткізіңіз.
2. Тазалауды бастау үшін тұтқаның жоғарғы жағындағы тазалау батырмасын ұстап тұрмай басыңыз.
3. Тазалау аяқталғаннан кейін кір суға арналған бакты уақытылы тазалаңыз. Егер док-станцияда дақтар қалса, оларды уақытылы кетіріңіз.



Портативті шаңсорғышты пайдалану

1. Портативті шаңсорғышты ажырату батырмасын басып, портативті шаңсорғышты алыңыз.
2. Жинақтағы шаң жинағышты және қажет керек-жарақты суретте көрсетілгендей орнатыңыз. Егер сырт еткен дыбыс естілсе, орнату аяқталды.
3. Тазалауды бастау үшін  батырмасын ұстап тұрмай басыңыз. Тазалау талаптарына байланысты  батырмасын қысқа басу арқылы портативті шаңсорғыш режимдерін стандарт режим, күшті сору режимі және үй жануарларының жүнін кетіру режимі арасында ауыстыруға болады.



Стандарт сору




Күшті сору




ECO


Эко режим



Портативті шаңсорғышты пайдалану





Қойманы пайдалану



Қолдану аясы

1. Жалпақ саптама: есіктер мен терезелердің бұрыштары, қабырғалар мен баспалдақтардың бұрыштары сияқты кішкене саңылаулардағы шаңды тазалау үшін жарамды.
2. Диванға арналған сорғыш саптама: дивандар мен кереуеттердің қол жетпейтін жерлеріндегі саңылауларды шаңнан тазартуға жарамды.



Техникалық қызмет көрсету



Сақтық шаралары:

- Тазалау алдында құрылғының қуат көзін өшіріп, қуат көзі батырмасын кездейсоқ басып қоймау үшін сақтық танытыңыз.
- Қажет болса, құрылғының зақымдалуына жол бермеу үшін компоненттерін түнұсқа өндіруші көрсеткен компоненттерге ауыстырыңыз.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, оны толығымен қуаттаңыз, қуат көзі адаптерін ажыратыңыз және оны құрғақ және салқын жерге қойыңыз. Құрылғыны тікелей күн сәулесінің астында немесе ылғал ортада қалдырмаңыз. Қуатының шамадан тыс таусылуы салдарынан аккумуляторды зақымдамау үшін аккумуляторды 3 ай сайын жеткізу жинағына кіретін қуаттау док-станциясының көмегімен қуаттаңыз.

Кір суға арналған бак пен сүзгіш элементті тазалаңыз

* Әр пайдаланғаннан кейін кір суға арналған бакты тазалауға кеңес беріледі.


1. Кір суға арналған бакты құрылғының корпусынан шығару үшін ашу батырмасын басыңыз.
2. Сүзгіш элементті кір суға арналған бактың қақпағынан алыңыз, кір суға арналған бактың қақпағын жоғары қарай тартып, кір суды төгіңіз.



3. Кір суға арналған бак пен бактың қақпағын таза сумен шайыңыз, сондай-ақ кір суға арналған бактың ішкі қабырғаларын сәйкес келетін қылшақпен тазалаңыз.



4. Тазалап болғаннан кейін кір суға арналған бактың қақпағын жауып, кір суға арналған бакты корпусқа қайта орнатыңыз. Егер сырт еткен дыбыс естілсе, орнату аяқталды.



Ұсыныс: құрылғыны әр қолданғаннан кейін сүзгіні таза және ұқыпты сақтау үшін тазалап, кептіру керек.

Түтіктер мен сезгектерді тазалау


Кір суға арналған бакты алып тастаңыз және қолданар алдында түтік пен сезгектегі кірді дымқыл шүберекпен сүртіңіз.




Жинақтағы айналмалы қылшақты тазалау

* Қажетіне қарай тазалаңыз.


1. Айналмалы қылшақтың қақпағын алу үшін айналмалы қылшақтың қақпағын бекіту батырмасын ішке қарай басыңыз. Тұтқаны көтеру үшін айналмалы қылшақты ашу батырмасына басыңыз және айналмалы қылшақты суыру үшін тұтқаны жоғары көтеріңіз.




2. Айналмалы қылшақ пен айналмалы қылшақтың қақпағына жабысып қалған шаш пен қоқысты кетіру үшін жарамды қылшақты пайдаланыңыз. Айналмалы қылшақты таза сумен шайыңыз және оны толық кепкеннен кейін пайдаланыңыз.



3. Сору саңылауындағы шаң мен кірді құрғақ шүберекпен немесе дымқыл қағаз сүлгімен сүртіңіз. Еденге арналған қылшақты сумен жумаңыз.




4. Тазалағаннан кейін айналмалы қылшақтың қақпағы мен айналмалы қылшақтың өзін еден қылшағының корпусына қайта орнатыңыз. Егер сырт еткен дыбыс естілсе, орнату аяқталды.




Жинақтағы шаң жинағышты тазалау

* Өр қолданғаннан кейін шаң жинағышты тазалауға кеңес беріледі.

1. Шаң жинағышты алу үшін шаң жинағышты ашу батырмасын басыңыз.



2. Жинақтағы сүзгіш элементті шаң жинағыштан алыңыз және шаң жинағышты босатыңыз.



Ескерту: жинақтағы шаң жинағышты жумаңыз, себебі оның құрамында электрлі бөлшектер бар.

3. Сүзгіш элементті жеңіл қағыңыз немесе қылшақ көмегімен бетіндегі шаңды кетіріңіз.



4. Тазалағаннан кейін сүзгіш элементті ол толық кепкен соң ғана пайдалануға рұқсат етіледі.



Ақауларды табу және жою

Ақау шыққан кезде құрылғы жұмысын тоқтатады. Себеп пен ықтимал шешімді табу үшін кестені қараңыз. Егер мәселе шешілмесе, жөндеу үшін сатудан кейін қызмет көрсету қызметіне хабарласыңыз.

Жалпы ақау	Ықтимал себебі	Шешімі
Құрылғы жұмыс істемейді.	Электр қуат көзі жоқ немесе аккумулятордың қуаты аз.	Қолданар алдында құрылғыны толығымен қуаттаңыз.
	Бітеліп қалғандықтан температура жоғарылаған кезде автоматты қорғаныш іске қосылады.	Құрылғының температурасы қалыпқа келгеннен кейін бітеп қалған заттарды алып тастаңыз және құрылғыны қайта іске қосыңыз.
	Кір суға арналған бак, таза суға арналған бак және тұтқа орнына орнатылмаған.	Пайдаланар алдында осы компоненттердің орнына орнатылғанына көз жеткізіңіз.
	Кір суға арналған бак толған.	Кір суға арналған бакты босатыңыз.
	Құрылғы тік күйде орналасқан.	Пайдаланар алдында құрылғыны еңкейтеңіз.
	Таза суға арналған бакта су жоқ.	Таза суға арналған бакты таза судың жеткілікті мөлшерімен толтырыңыз.
Құрылғының шаң сору қуаты төмен.	Кір суға арналған бак толған.	Кір суға арналған бакты босатыңыз.
	Айналымалы қылшаққа шаш оралып қалған және т.с.с.	Айналымалы қылшақты тазалаңыз.
	Сорғыш шүмек немесе түтік қоқыспен бітелген.	Сорғыш шүмекті немесе түтіккі тазалаңыз.
	Алдын ала тазалау сүзгісі ластанған немесе жоқ.	Сүзгіні тазалаңыз немесе сүзгіні орнатыңыз.
Еденге арналған қылшақ жұмыс ұстап тұрған кезде қалыптан тыс шу шығады.	Сорғыш шүмек қоқыспен бітелген.	Сорғыш шүмекті тазалаңыз.
	Кір суға арналған бактағы кір судың деңгейі белгіленген белгіге жетті.	Кір суға арналған бакты тазалаңыз.
арналған қылшақтан су шашырамайды.	Таза суға арналған бакта су жоқ	Таза суға арналған бакты таза судың жеткілікті мөлшерімен толтырыңыз.
	Таза суға арналған бак дұрыс орнатылмаған.	Бакты дұрыстап орнатыңыз.
	Сору режимі орнатылған ба, жоқ па?	Интеллектуалдық сору режиміне ауысыңыз.

Жалпы ақау	Ықтимал себебі	Шешімі
Ауа шығаратын тесіктен су ағып кетуі.	Алдын ала тазалау сүзгісі тазалағаннан кейін кептірілмеген.	Пайдаланар алдында сүзгіні кептіріңіз.
Құрылғы қуатталмайды.	Қуаттау док-станциясының штекері дұрыс қосылмаған.	Штекердің дұрыс орналасқанын тексеріңіз.
	Құрылғы қуаттау док-станциясына толық қойылмаған.	Құрылғы орнына дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
	Қуаттау штекері мен қуаттау док-станциясы арасында байланыс нашар.	Қуаттау штекері мен қуаттау док-станциясы дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
Кір суға арналған бактың толуы белгісі жыпылықтап тұр.	Кір суға арналған бак толған.	Кір суға арналған бакты тазалаңыз.
Таза суға арналған бакта судың жеткіліксіздігі белгісі жыпылықтап тұр.	Таза суға арналған бакта су жеткіліксіз.	Таза суға арналған бакқа су қосыңыз.
Дыбыстық сигнал жоқ.	Дыбыстық сигнал қосылмаған.	Корпустың артында орналасқан дыбыстық сигналды қосыңыз.
Құрылғы тазалау кезінде жұмыс істемейді.	Айналмалы қылшақ ірі қоқыспен бітеліп қалған болуы мүмкін.	Тексеру және тазалау үшін айналмалы қылшақтың қаппағын ашыңыз.
	Құрылғы мен қуаттау док-станциясы арасында байланыс нашар.	Құрылғыны қуаттаған оң құрылғыны тазалау функциясы қайта іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
	Құрылғының қуат деңгейі 20%-дан аз, сондықтан тазалау функциясын іске қосу мүмкін емес.	Қуаттау күйінде қуат деңгейі >20% болғаннан кейін тазалауды іске қосыңыз.
	Кір суға арналған бак орнына орнатылмаған немесе суға толмаған.	Кір суға арналған бакты орнына қойыңыз немесе босатыңыз.
	Таза суға арналған бак орнына орнатылмаған немесе онда су жоқ.	Оны орнына орнатыңыз немесе таза суға арналған бакқа су құйыңыз.

Техникалық сипаттамалары

Құрылғының атауы	Жуатын сымсыз шаңсорғыш
Құрылғының моделі	HWND Q1
Номиналды кернеуі	21,6 В — — —
Номиналды қуаты	220 Вт
Акумуляторының сыйымдылығы	4000 мА/сағ
Таза суға арналған бактың сыйымдылығы	0,6 л
Құрылғының өлшемдері	340*300*1171 (мм)
Таза салмағы	6,6 кг
Қуаттау уақыты	5 сағатқа дейін

Көдеге жарату



Бұл таңба осы құрылғыны кез келген тұрмыстық қалдықтармен бірге көдеге жаратуға тыйым салынатынын білдіреді. Қоршаған ортаға, адам денсаулығына қамқор болу үшін және ресурстарды ұтымды пайдалану мақсатымен құрылғыны қолданыстағы талаптарға сәйкес және тиісті жауапкершілікпен көдеге жаратыңыз.

Қолданыста болған құрылғыны қайтару үшін көдеге жаратумен айналысатын ұйымға немесе құрылғыны сатушыға хабарласыңыз. Бөлшек сауда сатушысы болашақта құрылғының экологиялық таза тәсілмен көдеге жаратылуын қамтамасыз ете алады.

Қолдау қызметі

Клиенттерге қызмет көрсету

Клиенттерге қолдау көрсету қызметі

Біз Haier компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне жүгінуді, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер сіздің тұрмыстық техникаңызда мәселелер туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» бөлімін оқып шығыңыз. Егер сіз мәселенің шешімін таппаған болсаңыз, төмендегілерге жүгініңіз:

— өз ресми дилеріңізге немесе

— біздің колл-орталыққа:

8-800-070-01-29 (ҚР),

— <https://haieronline.kz> сайтына, онда сіз қызмет көрсетуге өтініш қалдыра аласыз, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің сервистік орталығымызға хабарласқанда, төлқұжат тақтайшасынан және чектен таба алатын келесі ақпаратты дайындауыңызды сұраймыз:

Үлгісі _____

Сериялық нөмірі _____

Сатылған күні _____



Сондай-ақ, кепілдік пен сату құжаттарының болуын тексеріңіз

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістердің енгізілуі мүмкін. Өндіруші қосымша ескертусіз өнімді жобалау мен жабдықтауға өзгерістер енгізуге құқылы.

Өнімді қаптамасында көрсетілген манипуляциялық белгілерге сәйкес зауыт қаптамасында тасымалдау және сақтау қажет.

Тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде сақ болыңыз.

Көлік пен қойма өнімнің атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымдалудан қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс.

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет ету мерзімі ресми қызмет ету мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.

Haier корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамамен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Бірақ Haier корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, де бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдікті және шарттары

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай* кепілдікті мерзімді белгілейді. Ықтимал түсінбестікке жол бермеу үшін бұйымды сақтан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) қолдану мерзімі ішінде сақтаныз.

Кепілдікті тек уәкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

8 (800) 070-01-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе <https://haieronline.kz/> сайтында немесе support-kz@haieronline.kz электрондық поштасында.

Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

Кепілдікті көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған бұйымдарға таратылмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
- тоңазыту контурымен және электрлік қосылғыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесе;
- суқұбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асып кету;
- бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: уәкіл етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
- Стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
- еңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақаулар анықталған болса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бөлігін қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

Кепілдікті көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:

- бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқалама және кеңес беру;
- бұйымды сырттан немесе ішінен тазарту.

Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті көрсетуге жатпайды:

- желдеткіштерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызуға арналған сүзгілер, құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- қысқа топқышты пештерге арналған төрепкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішектер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдықтар;
- басқару пульптері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

* Кір жуатын/ кептіретін/ ыдыс жуатын машинаның инверторлық моторына, тоңазытқыш/ мұздатқыштың инверторлық компрессорына, кептіретін машинаның компрессорына кепілдік мерзімі - тауар Тұтынушыға берілген күннен бастап 12 жыл. Кір жуатын/кептіретін машинаның тура жетекті моторына (статор, ротор) шексіз кепілдік беріледі.

**ИЗГОТОВИТЕЛЬ/ӨНДІРУШІ:**

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»

Room S401, Haier Brand building, Haier Industriypark Hi-tech Zone, Laoshan District
Qingdao, China

УПОЛНОМОЧЕННАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ/ИМПОРТЕР:

ООО «ХАР»

121099, г. Москва, Новинский бульвар, д. 8, этаж 16, офис 1601.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ УӘКІЛЕТТІ ҰЙЫМ/ИМПОРТТАУШЫ:

«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС

050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210-ғимарат.

УПОЛНОМОЧЕННАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН:

ТОО «Хайер Мидл Эйжа»

050000, город Алматы, Медеуский район, проспект Достык, дом 210.

Продукция соответствует требованиям технических регламентов Евразийского
экономического (Таможенного) союза.

Декларация о соответствии

№ ЕАЭС RU C-CN.АЯ46.В.37388/24 от 06.11.2024 действует до 05.11.2029.

Декларация о соответствии

№ ЕАЭС N RU Д-CN.РА09.В.93592/24 от 28.10.2024 действует до 27.10.2029

Более подробные сведения указаны в Едином реестре выданных
сертификатов соответствия и зарегистрированных деклараций о соответствии
Евразийского экономического союза

Дата изготовления указана на этикетке устройства
Шығарылған күні құрылғының заттаңбасында көрсетілген

Сделано в Китае
Қытайда жасалған